

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 503 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 қыркүйекте № 17453 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-19) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру ұйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бюджеттік жоспарлау департаменті (С.А. Жақыпова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б. А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 503 бұйрығына қосымша

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.04.2021 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Білім беру ұйымы типінің атауы	Білім беру ұйымы түрлерінің атауы
1.	Мектепке дейінгі ұйымдар	1. Бөбекжай-бақша
		2. Балабақша
		3. Отбасылық бөбекжай-бақша
		4. Санаторлық бөбекжай-бақша
		5. "Мектеп-бөбекжай-бақша" кешені
		6. Мектепке дейінгі шағын орталық
2.	Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) *	1. Бастауыш мектеп
		2. Негізгі орта мектеп
		3. Жалпы білім беретін мектеп
		4. Гимназия
		5. Лицей
		6. Бейінді мектеп
		7. Мектеп-гимназия
		8. Мектеп-лицей
		9. Қосымша білім беретін мектеп-орталық
		10. Оқу-тәрбие орталығы (кешен)
3.	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары **	1. Колледж
		2. Кәсіптік даярлау оқу орталығы
		3. Жоғары колледж
4.	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары **	Жоғары колледж
5.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары **	1. Институт
		2. Университет
		3. Академия

Ескерту:

* шағын жинақты мектептерден, ауылдық жерде орналасқан орта білім беру ұйымдарынан, түзету мекемелері жанындағы, денсаулық сақтау ұйымдары жанындағы, мәдениет және дене шынықтыру-спорт ұйымдары жанындағы орта білім беру ұйымдарынан, республикалық орта білім беру ұйымдарынан басқа;

** медициналық, әскери, арнайы оқу орындарынан, мәдениет және дене шынықтыру-спорт саласындағы білім беру ұйымдарынан, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясынан,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясынан
басқа.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК